

**«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген қамқоршылық
кеңесінің жиналысы
ХАТТАМАСЫ №8**

Сарға ауылы

Откізілген күні: 12. 05. 2023ж.

Қамқоршылық кеңесі жиналысқа қатысуға құқығы бар мүшелерінің жалпы саны: 9 адам
Катысқандар: 1.Түешіев Мұнал

2. Аймақова Меруерт Абыловна
3. Есбосынова Гүлнар Айтқуловна
4. Қожанова Гаухар Утебаевна
5. Телегусова Сагира Атагуллаевна
6. Құсайынова Зайра Абылайқызы

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысын әлеуметтік педагог А.Алуадинова ашты.

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасының балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру, ыстық тамақта тартылған оқушылар жайы, білім беру үйимдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына өзгерістер енуімен таныстыру.
2. Мектепшілік ата – аналар жиналысында қамқоршылық кеңестің жасалған жұмыстар туралы есеп беру.

Тыңдалды:

1. 1-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Алуадинова күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінік берді. Мектебімізде барлық оқушы саны – 319. Соның ішінде әлеуметтік отбасы жағдайына байланысты 50 оқушы жазғы демалыс кезеңіне ұсынылды.

Мектеп ата-аналар комитетімен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып жыл ішінде 50 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бірінші жарты жылдықта 52 оқушымен бастап, екінші жарты жылдықта 50 оқушы болды. Сонымен бірге жыл ішінде 1 сыныптың 42 оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Білім беру үйимдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып, айтып өтті.

2. 2-ші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Түшесев Мұнал жасалған жұмыстар жайлы түсінік берді.

Мектепте 2022-2023 оку жылы ішінде бір бала қамқоршылықта болды. Жарылғасын Диас 9 сынып. Диас мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алғып отырды. Диас мектеп әкімшілігі назарынан тыс қалып отырған жоқ. Осы оку жылының басында 40,000 теңге бір жолғы әлеуметтік мемлекеттік көмек ақшасын алды. Сонымен қоса «Қамқорлық» акциясы кезінде көмек берілді. Ауданымызда өткізілген Қазақстан Республикасының Президенттік шыршасына қатысып, мерекелік сыйлықпен қоса қаржылай 100,000 теңге табысталды.

«Қайырымдылық» акцияларын өткізу туралы. Республика күнін мерекелеу шеңберінде «Жанашыр жүрек» халықтық акцияның іс-шаралар жоспарына сәйкес, 22 қазан күні «Жанашыр

жүрек» атты қайырымдылық жәрменкесі өткізілді. Жәрменкеге 5-11 сынып окушылары қолдан дайындаған әкелген тәттілерін ұсынды. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер де осы қайырымдылық акциясына өз үлестерін қости. Қайырымдылық жәрменкесінен 14160 теңге ақша түсті. Оның 6000 теңгесін жеке кәсіпкер Адаева Шолпан апай берді. Аз қамтылған отбасы балаларына оку құралдары: дәптер, қалам, сурет салатын қарындаштар, форматтар алғынан берілді.

Қамқоршылықтағы окушы Жарылқасын Диастың анасы Толғанай Мерешоваға «Қамқоршылар күні» мерекесіне 3,330 теңгенің сыйлығы алғын берілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің үйгарымымен облыстық президенттік шыршага екі окушы Мағуза Ақылбек және Оразбекқызы Айқөркем ұсынды.

Аудандық шыршага қамқорлықтағы окушы Ж.Диас 8-сынып, аз қамтылған отбасы окушылары Бердимурат Қалнияз 5-сынып, Сәлік Нұрай 3-сынып, Куаныш Асылан 7-сынып окушысы ұсынды. Аталған окушыларға 100 теңгеден қаржы бөлініп берілді.

26 желтоқсан күні аудандық Президенттік шырша болды. Осы аты аталған окушылар қатысты. Оларға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Жеке үйден оқитын окушы Әбуғали Әлішерге мектеп әкімшілігімен сынып жетекшісі және сабак беретін пән мұғалімдері жаңа жылдық сыйлық пен окушыға қажетті қозғалмалы магниттік тақта сыйлап, ата анасына меркелік құттықтау хатын сыйлады.

Сонымен қоса кәсіпкер Адаева Шолпан және ауылымыздың азаматы Төлегенов Асхат, азаматшасы Ажибаева Гүлназ бен Қырымқұлова Әзина Керуенқызы аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасының балаларына жаңа жылдық тәттілер сыйлады.

Жалпы мектебімізде 6 окушы қаржылай 100 теңге мен жаңа жылдық тәттілер берілді. 35 отбасының баласына жаңа жылдық тәттілер берілді. 41 отбасының баласы жаңа жылдық тәттілермен қамтылды. Осы сыйлықтарға кеткен шығын, яғни берілген ақша мөлшері мұнадай болды: Ш.Адаева – 20.000т; Г.Ажибаева – 30.000т; А.Төлегенов – 20.000т; Ә. Қырымқұлова – 14000 теңге қаржы берді.

Барлық теңге мөлшері – 84.000 теңге. Аз қамтылған және көп балалы отбасы окушыларына оку құралдарын алғын берді. (5 окушыға дәптер мен калам және сурет альбомы мен әртүрлі қарындаштар берілді. 2 окушыға он дәптер және қалам берілді). Оку құральына кеткен шығын – 5000 теңге болды. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардың ішінде спорттық киімнен немесе қыстық киімнен мұқтаж болып жүрген окушылар болған жоқ.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің үйгарымымен «Қамқорлық» акциясына байланысты отбасында қыын жағдай орнаған (анаы қайтыс болған) 11-сынып окушысы Ақтүлен Мейрамгүлге ҰБТ-ға байланысты жеке сабактарға дайындалу үшін, жеке кәсіпкер қолдауымен қаржылай 10 мың теңге көмек берілді.

3. Әлеуметтік педагог сөйлемді: «Мейірімді өмір жасаймыз!» атты қоқтемгі қайырымдылық жәрменкесі өткізілді. Жәрменкеге қатысқан окушылар мен ата-аналардың арқасында жиналған қаражат мектептің аз қамтылған отбасынан шыққан окушыларының мұқтажына жұмсалды. Жалпы жәрменкеге 1-11 сынып окушылары қатысты. Осы орайда жәрменке кезінде қайырымдылық көрсеткен ұстаздарда болды. Оленова Лаззат, Бекхожина Нұрлыгүл, А.Алуадинова, Ж.Ауанова, Б.Жантілеуова, Қ. Көшімова. Жалпы жәрменкеден түскен қаржы сомасы 47,700 теңге. Бітіруші түлектердің ішінде аз қамтылған, жартылай жетім окушыларға Ораза айында бас пітір қаржылай көмек берген отбасылар болды.

Осы айда жалпы қайырымдылықтан қаржылай түскен – 79,450 теңге. Осы аталған ақшаның 60,000 теңгесі 3 окушыға берілді. Атап айтсам аз қамтылған окушылар Бөлтекова Назерке – 20,000 теңге; Жарылғасын Бекзатқа – 20,000 теңге, Ж/ жетім Ақтүлен Мейрамгүл – 20,000 теңге. Міндепті оку қорынан түрлі әлеуметтік топтагы 70 окушыға 40,000 теңгеден берілді. Аудандық және облыстық президенттік шыршага берілген сома – 500,000 теңге. Сонымен қоса жыл бойы барлық көмек түрі бойынша көрсетілген қаржы сомасы – (235,140) екі жүз отыз бес мың бір жүз қырық теңге. Барлық сома 735,140теңге.

Мектеп әлеуметтік педагогінің жұмысының бір бағыты бұл ата-аналармен және сынып жетекшілермен жасалатын бірлескен жұмыс болып табылады. Әлеуметтік педагог сынылтарда тоқсанына бір рет өтетін ата-аналар жиналысына қатынасып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелер төнірегінде өз ойларын бөлісіп отырды.

Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенция талқыланды. Сынып

жетекшілер әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық (куәлік) паспорт жасалды. Мектеп психологи мен сынып жетекшілермен бірлесе отырып, әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен жиналыс өткізіліп, тренинг үйімдастырылды.

Мерекеге орай мектебімізде ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын әлеуметтік, психологиялық мәселелерін тындау мақсатында әлеуметтік педагог А. Алуадинова мен мектеп психологи Ж.Ауанова «Ашық есік» күнін өткізді.

«Әдемілік-азат жанның және мықты деңсаулықтың жемісі», «Жақсы құлқі – рухани деңсаулықтың сенімді белгісі» тақырыбында эссе жазу байқауы болды. Оқушылар белсене қатысты.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, «Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық онкүндікті мектеппешілік деңгейде өткізу бойынша іс-шаралар жоспары келді.

«Тәртібің мен құқығын- тұлғалықтың айнасы» тақырыбында мектебіміздің тәрбие жөніндегі орынбасары М.Тітірбаеваның үйімдастыруымен жасағыспірімдер инспекторымен кездесу болды.

«Бала құқығы-адам құқығы» атты 10-11 сыныптар арасында Б.Жантелеуова құқық пәні мұғалімі дәңгелек үстел үйімдастырып, оқушылармен пікір алмасу кеші болды.

Әлеуметтік педагогпен ата – аналар қауымдастырының мүшелерінің үйімдастыруымен «Бақытты бала- бақытты ана- бақытты отбасы» көп балалы аналармен, ата- аналар қауымдастықтарымен кездесу кеші болып өтті. Мектебіміздің дебат клубының жетекшісі Р.Сатжанованың үйімдастыруымен «Жасағыспірім кезіндегі құқық бұзушылыққа оқушы кінәлі емес» тақырыбында дебат өтті.

«Бақытты отбасы - зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында 6 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған жиналыс өтті. Жоспарға сәйкес кешкі уақытта мектеп әкімшілігімен инспектор мен бірге оқушыларды бақылау жүргізілді.

4. Төраға: ағымдағы мәселелер жайында айттып алдағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілетінін айтты.

Қаулы:

1. Әлеуметтік педагогтың жиналысқа қатысуышылар арасында жасалған жұмыстары қолдау тауып, бір ауыздан макұлданды.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысы жақсы деңгейде орындалды деп бір ауыздан макұлданды.

Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы «Ә. Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әлеуметтік педагогы А. Алуадиноваға жолданды.

Жиналыс төрағасы:

М.Тұғешиев

Жиналыс хатшысы:

З.Кұсанова